

**2014 жылға жеміс - жидек дақылдары мен жүзімнің көпжылдық көшеттерін отырғызу және өсіру шығындарының құнын ішінара өтеуге арналған бюджеттік субсидиялардың нормаларын белгілеу туралы**

Атырау облысы әкімдігінің 2014 жылғы 8 тамыздағы № 233 қаулысы. Атырау облысының әділет департаментінде 2014 жылғы 25 тамызда № 2976 болып тіркелді

**Р Қ А О е с к е р т п е с і .**

**Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін – өзі басқару туралы" Заңының 27 – бабы 1 – тармағының 5) тармақшасына, 37 – бабына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 23 маусымдағы № 695 "Жеміс-жидек дақылдары мен жүзімнің көпжылдық көшеттерін отырғызу және өсіру (оның ішінде қалпына келтіру) шығындарының құнын субсидиялау қағидаларын бекіту туралы" қаулысымен бекітілген Жеміс – жидек дақылдары мен жүзімнің көпжылдық көшеттерін отырғызу мен өсіру (оның ішінде қалпына келтіру) шығындарының құнын субсидиялау қағидасының 8 тармағына сәйкес Атырау облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес 2014 жылға арналған жеміс - жидек дақылдары мен жүзімнің көп жылдық көшеттерін отырғызу және өсіру шығындарының құнын ішінара өтеуге арналған бюджеттік субсидиялардың нормалары белгіленсін.

2. "Атырау облысы Ауыл шаруашылығы басқармасы" мемлекеттік мекемесі осы қаулыдан туындайтын шараларды қабылдасын.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің бірінші орынбасары **Ғ.И. Дүйсембаевқа** жүктелсін.

4. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және ол алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Облыс әкімі*

*Б. Измұхамбетов*

**" К Е Л І С І Л Д І "**

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң  
А у ы л ш а р у а ш ы л ы ғ ы м и н и с т р і  
\_\_\_\_\_ А . М а м ы т б е к о в

2014 жылғы " \_\_\_\_ " \_\_\_\_\_

А т ы р а у о б л ы с ы ә к і м д і г і н і ң  
2 0 1 4 ж ы л ғ ы 8 т а м ы з д а ғ ы  
№ 233 қаулысына қосымша

**2014 жылға жеміс-жидек дақылдары мен жүзімнің көпжылдық көшеттерін отырғызу мен өсіруге жұмсалған шығындарың құнын ішінара өтеуге арналған субсидиялар нормалары**

Жеміс дақыл-дарының түрі	Отырғызу сызбасы	Отырғызу және өсіру шығындары ( 1 вегетация), теңге								
		Барлығы	соның ішінде сатып алуға:							
			көшеттер 1 га	субсидиялар нормасы, ( 40 %)	тіреуіш бағандар	субсидиялар нормасы, ( 40 %)	тамшылатып суару технологиясы	субсидиялар нормасы, (40%)	басқа да шығындар	субсидиялар нормасы, (40 %)
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11
Алма ағашы	8x6	1 442 928	249 600	99 840	-	-	372 960	149 184	820 368	328 14
Алма ағашы	8x5	1 497 696	300 000	120 000	-	-	372 960	149 184	824 736	329 89
Алма ағашы	8x4	1 579 786	375 600	150 240	-	-	372 960	149 184	831 226	332 49
Алма ағашы	5x3	2 115 807	800 400	320 160	-	-	444 000	177 600	871 407	348 56